



Ақмола облысы білім басқармасының Целиноград ауданы бойынша  
білім бөлімінің жанындағы Қажымұқан ауылының  
МКҚК «Қошақан» бөбекжайы

**Мектеп жасына дейінгі балаларға  
би үйірмесін жүргізу**

*(мектепке дейінгі мекеме хореографтарына арналған әдістемелік құрал)*

2025жыл



## Мазмұны

|                                                                                |    |
|--------------------------------------------------------------------------------|----|
| Кіріспе_____                                                                   | 3  |
| Глоссарий _____                                                                | 6  |
| Мектепке дейінгі мекемелерде би үйрететін хореографтың<br>негізгі жұмысы _____ | 7  |
| Мектепке дейінгі жастағы балаларға үйретілетін би<br>жанырлары _____           | 9  |
| Би үйірмесінің хореография бойынша құрылымы_____                               | 12 |
| Музыкалық терминдер _____                                                      | 13 |
| Музыкалық-дидактикалық ойындар _____                                           | 14 |
| Пайдаланған әдебиеттер тізімі _____                                            | 16 |

## Кіріспе

Би ежелгі заманнан келе жатқан өнер түрі. Би өнері адам өмірінде ерекше орын алады, адамның жан-жақты дамуының бөлініп алынбас бөлігі және баланы жеке тұлға ретінде дамытуда ерекше рөл атқарады. Бұл балалардың дұрыс әрі әдемі қозғалуына, іс әрекеттердің этикалық, мазмұнына жауап береді. Дененің бұлшық еттерін шынықтырып, баланың денсаулығына әсер етеді. Ертедегі үнділік данагөйлер бидің адамның денсаулығына пайдалы екендігін түсінгендіктен, пластикалық қимылға көп мән берген.

Би өнерінің адамды тәрбиелеу жұмысында маңызы зор. Қазіргі заманда балабақшадан бастап жоғары оқу орындарында би ұжымдары ашылуда. Осы ұжымдардың шығармашылығының арқасында халық билері жаңа белеске көтеріліп, жас ұрпақтарға эстетикалық тәрбие алып, рухани байлығы көтеріледі.

Би тек қана әсемдік үшін керек емес, сонымен қатар бұлшық еттерінің, қаңқа сүйектерінің жетіліп дамуына көп әсерін тигізеді, денеге икемдік және сымбат береді.

Халық биі ерте заманнан келе жатқан мәдени мұралардың бірі. Біздің заманымызға дейін жеткен би өнері ерекше көріктілігімен, бейнелік айқындылығымен және әрбір халықтың тарихымен сабақтасып жатқан қайталанбас ұлттық колоритімен таң қалдырады. Ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан би өнерінің түр өзгерістері дами келе, өзінің қазіргі күнгі күйіне жетті. Әрбір заман ағымы өз өзгерістерін енгізеді. Осы халық биі арқылы балалар әр ұлттың мәдениетін, салт-дәстүрлерімен танысады. Кішкентай балалар еліміздің болашағы, олар дендері сау, жан жақты



қабілетті болулары қажет, ал би денсаулықтың қайнар көзінің бірі болып табылады.

Қазақстандағы хореография өнері XX ғасырда пайда болып, халықтың рухани байлығына айналған жаңа көркемөнер түрі. Осы ғасырдың екінші жартысында қазақ биі өнері саласында небір өзгерістер мен бетбұрыстар жасалды.

Хореография өнерінің тарихында бидің барлығы дерлік халық шығармашылығынан нәр алғаны белгілі.

Әдемілікті әр халық өз ерекшелігіне қарай қабылдап, өзіне тән ұғыммен бағалайды. Сол себепті де әдемілік жөніндегі ұғым атаулы да алуан көрініс беріп, әр елдің өзіне ғана тән көркем өнер категорияларына сай соған лайық өнер түрлері дүниеге келмек. Қазақ топырағында ерекше өркен жайған шешендік пен айтыс, тапқырлық сөз түрі, ауыз әдебиеті, әншілік десек, суретшілік пен би сәл-пәл кенжелеу дамығанын көреміз.

Қазақта би өнері болған ба деген таластың ешбір негізі жоқ. Жеке адамдардың қазақ биін жинап, насихиттауы кезінде өз бағасын таба алмады, ал бүкіл халыққа тән би мектебі социалистік заман басында біздің қолымызға тиді. Ұлтымыздың төл өнері биі өркен жайды. Ол ұлттық музыка мен ұлтқа тән көркем қимылдан туындады. Би-жеке кісінің орындалуынан өсіп, опера спектакльдеріндегі көп кісі билейтін би түріне дейін дамыды.

ССР Халық әртісі Лидия Чернышева басқарған Қазақ ССР Мемлекеттік ән би ансамблі бізде «би жұтаң» деген ұғымды жоққа шығарды. Ансамбль барған Азия, Еуропа, Америка континенттері қазақ би өнерінің үлгісін көріп қол соқты. А. Зацепиннің «Хоттабыч



Қария», Ғ.Жұбанованың «Ақ құс туралы аңыз», Қ.Қожамияровтың «Чинтомур» секілді баллеттік спектакльдері еліміздің бұл өнер саласындағы елеулі табысы болды. Шара Жиенқұлова қойған жеке билер, жас шеберлер әзірлеген би үзінділері тәуір баға ала бастады. «Біржан мен Сара» операсындағы Д.Абиров қойған би, Шара мен Болат Аюханов әзірлеген «Балбырауын» би көріністері кез-келген спектакльге көрік берерліктей. Жас талант иелері де өсіп келеді. Хореография өнері жайлы Болат Аюханов әзірлеген «Айтылмаған ән», «Ақындар ырғағы», Елдос Усин әзірлеген «Жүрек жыры» арнаулы дипломдарға, бәйгеге ие болды. Балет өнерінің халықаралық бәсекесіне осы бастан сайлана берген жөн. Өнер көркем ой мен биікке ұмтылу, қиялға серпілу секілді шабыт жемісі екені есте болсын.

Белгілі баллетмейстер, оқытушы, өнертану ғылымының докторы Р.Захаровтың «Би мағыналы болу керек, олай болмаған жағдайда Дерексіз жай ғана дене қимылдарының жиынтығы болып қалады» деген .

Жалпы би адамның көңіл-күйіне негізделген, музыкалық ырғаққа бағынышты, түрлі қимылдар тізбегімен бейнеленетін өнер. Биде адам баласына тән әсемдік пен әдемілік, өмірге деген көз қарасы мен көңіл-күйі тауып, нақтылы қолдана білу қажет. Ырғақ адамның жан дүниесінің көзге көріңбейтін тербелістерін айқын білдіреді. Ал халық билерінің тууына әр халықтың өзіне тән мінез-құлқы, тұрмыс-салты, мәдениеті әсер етеді. Би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман мұраттарының бейнелейтін қимылдар жүйесін қалыптастырған.

## Глоссарий

Глоссарий-белгілі бір салаға немесе тақырыпқа қатысты терминдер мен олардың анықтамаларының жинағы.

**Әдістеме**-оқыту әдістемесі жайындағы ғылым. Әдістеме нені оқыту және қалай оқыту деген мәселені қарастырады.

**Репертуар**-концерттік залдарда, театрда, эстрадаларда, музыкалық сондай-ақ, басқа да шығармаларды талғамды таңдай білу заңдылығы.

**Шығармашылық**-рухани және материалдық құндылықтарды қалыптастыру мақсатында жасалынатын іс-әрекет.

**Көркемдік**-өнер саласына немесе қнерге қатысты.

**Өнерпаздық**-кәсіби білімі жоқ театралды шығармашылық іс әрекеттерді жүзеге асырушы адам.

**Педагогика**-тәрбие мен білім жайындағы ғылым саласы.

**Физиология**-ағзаның өмір сүру жүйесін қарастыратын ғылым саласы.

**Психология**-психикалық іс әрекет заңдылығын жүзеге асыратын ғылым.

**Эстетика**-өнерге, шығармашылыққа талғамдылықпен қарап, сұлулыққа, әсемдікке баулу.

**Адамгершілік**-адамның рухани, ізгі қасиеті. Бұл қасиет адамды қоғам арасында абыройлы етеді.

**Мекеме**- кез-келген жұмыс түрі жасалатын орын.



## **Мектепке дейінгі мекемелерде би үйрететін хореографтың негізгі жұмысы.**

Мектепке дейінгі мекемелерде тәрбиеленетін балаларға би үйретудің өзіндік заңдылықтары бар. Бұл жас аралығындағы балаларда жүгіру, секіру жұмыстары жақсы қалыптасқан. Мектепке дейінгі мекемелерде аптасына 1 рет жүргізіледі. Би сабағының ұзақтығы 15-30 минутқа шақталу керек. Би қимылдары балалардың жас ерекшелігіне сай болғаны жөн. Мұны педагогтардың ескергені жөн. Би сабағында жаттаған билерін балабақша көлемінде өткізілетін мерекелерде көрсетеді. Балалар өз ата-аналарының оларды тамашалағанына қуанып, биге деген қызығушылықтары арта түспек.

Педагог хореограф балабақша балаларымен би сабақтарын өткізген кезеңде музыка әуені де өз жас ерекшелігіне сай таңдалу керек.

### **Балаларға арналған музыкалық ритмикалық бағдарлама:**

1. Жүрістің түрлері (марш, жұмсақ жүріс, қатты жүріс), табанмен, өкшемен жүріс, жамбасты көтеріп жүру т.б;
2. Тарсылдату;
3. Екі аяқпен кезекті секіру;
4. Секіру;
5. Қиғаштап қимылдау;
6. Пружиналық қимылдар;
7. Аяқты алға қарай сермеу;
8. Аяқты жоғары көтеріп, өкшеде тұру;
9. Жамбасты жоғары көтеру арқылы секіру;



10. Өкшемен тұрып жартылай бүгілу қимылдары;

11. Айналып секіру ;

12. Ауыспалы адымға дайындық;

13. Қолмен жасалатын жаттығулар;

!14. Балаларды өз еркімен қимыл жасауға баулу, музыка ритімімен би шығару;

Балабақша балаларын би өнеріне тәрбиелеу болашақ өнер сүйер қауымды қалыптастыру болып табылады. Себебі, өнер атаулының кез келгені балабақшадан басталары хақ.

### **Балабақшадағы би өнерінің үйірмесінің оқыту әдісі:**

Негізгі құрылымы

-Реверанс

-Қол қалыптары

-Жалпы дамыту жаттығулары зал ортасында


-Саптық жаттығулар диагональ бойымен

-Ойын ырғағы

-Би адымдары

-Тыныс алу жаттығулары

### **Би үйірмесі жұмысының түрлері**







## **Мектепке дейінгі жастағы балаларға үйретілетін би жанырлары.**

Балаларға арналған би жанрлары баланың жасына, физикалық мүмкіндіктеріне және қызығушылықтарына байланысты таңдалады. Ең танымал жанырлар:

### **Классикалық би.**

Хореографияның негізі классикалық би болып табылады. Ал бидің шеберлігін, иілгіштігін, тазалығын сақтайтын академиялық мәнер оқыту жүйесінің тамыры ретінде саналады.

Классикалық бидің қозғалысын екі топқа бөлуге болады: дайындық (қарапайым) және негізгі (күрделі).

Бірінші топқа дайындық жаттығуларының барлық жүйесі кіреді: жартылай отыру (*demi plie*), аяқты алға қою (*battement tendu*), кіші сермей (*battement tendu jete*), еденде аяқтың ұшымен шеңбер сызу (*rond de jambe par terre*) және т.б.

Қозғалыстың екінші тобына тепе теңдіктің, айналымның, секірудің әр түрлері жатады. Қозғалыстың бірінші тобының орындалуы нақты техникалық нормаларды сақтауды талап етеді, ол қозғалыстың музыкамен ритмикалық сәйкестігі, дене мен бастың, қол мен аяқтың қалыптары.

Классикалық бидің жаттығуларын тіреуде немесе залдың ортасында орындауға болады. Тіреудегі жаттығу тіреуге қарап, екі қолмен ұстап, сонымен қатар қырымен тұрып және бір қолмен ұстау сол, оң арқылы орындалады.

Залдың ортасында қимыл орында орындалады, негізгі бағытқа



қарап,оңға,солға,жартылай бұрылып,арқамен,етбетімен жатып алға қарай түзу,диоганаль,шеңбер бойымен.

Хореографияның негізгі, күрделі жаттығуларына арнайы дене бітім дамытатын,күрделі қимыл машықтарын қалыптастырумен байланысты қозғалыстарды үйрету жатады.

### **Халықтық-сахналық би.**

Халықтық билер тұрмыстың,еңбектің,діни және отбасылық мерекелердің ұлттық ерекшеліктері негізінде қалыптасқан. Сондықтан алғашқыда қазақ, орыс және т.б. ұлттардың би элементтерін оқытуды кіргізу керек.Би мәнерлерінің араласуына жол бермеу керек,ол ұлттың айқын ерекшелігінің жоғалуына әкеп соғады. Халықтық сахналық бидің қимылдары алғашқыда тіреуде, сосын залдың ортасында орындалады.Биде орындаудың мәнерлігін бидің ұлттық сипатын дұрыс жеткізе білу біліктілігіне ерекше назар аударылады.

### **Балдық би.**

Балдық билер дегеніміз халықтық бидің материалдарын көркемдік құнды қайта өңдеуі.

### **Сюжеттік билер**

Сюжеттік билер белгілі бір оқиға, кейіпкерлер немесе эмоциялар арқылы би арқылы әңгіме айтатын қойылымдық билер. Мұндай билер балалардың қиялын дамытып,шығармашылық қабілеттерін арттырады.

Сюжеттік билердің ерекшеліктері:

-Белгілі бір оқиға желісі бойынша болады (ертегі, мультфильм,



табиғат құбылыстары).

-Кейіпкерлердің қимылдары мен мимикасы арқылы оқиға көрсетіледі.

-Музыкаға сәйкес костюмдер мен реквизиттер қолданылады.

-Қозғалыстар эмоция мен мәнерлікті жеткізеді.

**Эстрадалық би**-заманауи,әуенге сай қимылдарымен орындалатын жарқын би түрі.

**Хип-хоп**- энергияға толы, ырғақты заманауи көше биі.

**Латина** -америкалық билер-самба,ча-ча-ча, румба сияқты көңілді және әсем стильдер.

**Модерн және контемпорари**- еркін қимылдарға негізделген эмоционалды би түрлері.

**Акробатикалық би**- бимен бірге гимнастикалық элементтерді үйлестіретін бағыт.

**Пантомима**-бұл хореографияның құрамды бөлігі ғана емес, сонымен қатар өнердің дербес түрі. Пантомиманы ым ишара және дене қимылдары арқылы көрсетеді.

**Балаларға арналған ритмика**- кішкентай балаларға музыкалық ырғақты сезінуді үйретеді.Ол хореографиялық жаттығуларды меңгеру үрдісінде қалыптасады,бірақ музыкалық ырғақты неғұрлым сәтті меңгерту мақсатымен хореографиялық сабақтарда арнайы музыкалық ойындар қолданылады.



## **Би үйірмесінің хореография бойынша сабақтардың құрылымы**

Құрылым классикалық болып қалады: дайындық, негізгі және қорытынды бөлімдер.

**Дайындық бөлімде** балаларды ұйымдастыру, сабақтардың негізгі бөлімінде орындалатын жаттығуларға дайындық міндеттері шешіледі. Көрсетілген міндеттерді шешудің құрамына жүру мен жүгірудің әр түрлері ,әр түрлі билердің қосылуы,жалпы дамытушы жаттығулар жатады.

Жаттығуларды жүргізу үшін әртүрлі әдістер қолданылады, бөлек, қозғалыста, ойынды. Осы жаттығулар зейінді тұрақтандырып, жүректі,ағзаны және тыныс алу жүйесін келесі жаттығуларға дайындайды.

**Негізгі бөлімде** қойылған міндеттерді шешу классикалық, тұрмыстық халықтық билердің, еркін иілгіш қозғалысының және жалпы жаттығулар элементтерінің сан қилы қимылдар жинағын қолдану арқылы орындалады.

**Қорытынды бөлімде** босансу,созылуға арнайы іріктеп алынған жаттығулардың көмегімен жүктемені төмендету қажет. Шаршаған кезде көңіл күйді көтеру үшін қазіргі заманға би қимылдарының элементтерін қолдану ұсынылады.Қорытынды жасалады.

Хореографиядағы жаттығулардың бірізділігі қатаң анықталған. Бірінші табанына,сирақтарына, тізеге және жамбас буындарына , сосын күрделену арқылы барлық бұлшық еттерге әсер ететін жаттығулар таңдап алынады.

## *Хореография сабақтарының апталық жүктемесі*

| <i><b>Жас деңгейі</b></i>    | <i><b>Апталық сабақ саны</b></i> | <i><b>Ұзақтығы</b></i> |
|------------------------------|----------------------------------|------------------------|
| <i>Кіші тобы</i>             | <i>1</i>                         | <i>10-15мин</i>        |
| <i>Ортаңғы тобы</i>          | <i>1</i>                         | <i>15-20мин</i>        |
| <i>Ересек тобы</i>           | <i>1</i>                         | <i>20-25мин</i>        |
| <i>Мектепке даярлық тобы</i> | <i>1</i>                         | <i>25-30мин</i>        |

### **Музыкалық терминдер**

**Ритм**-ең басты музыкалық құрал. Ол музыкалық әуендердің бірінен соң бірінің келуі және олардың созылмалылығы. Созылмалы дыбыстардың ауысуы ритмикалық сурет құрайды.

**Метр**-белгілі бір уақыт аралығында дыбыстардың бірінен кейін бірі орындалуы.

**Темп**-орындалудың жылдамдығының деңгейі.

**Акцент**-екпінді дыбыстар. Белгілі бір дыбысты немесе нотаны басқалардан күшті айту немесе орындау.

**Такт**-бір бөліктен екінші бөлікке дейін көлем қиындысы. Метрлік өлшемнің бір бөлігі,екпінді және екпінсіз үлестерден тұратын музыкалық немесе поэтикалық бірлік.

**Фраза**-музыкалық немесе өлең жолындағы ойдың аяқталған бірлігі.

**Сөйлем**-толық аяқталған музыкалық ой.

**Өлшем**-аяқталған шама.

**Кезең**-музыкада немесе поэзияда бірнеше фразаның бірігуінен тұратын ірі құрылымдық элемент.



## **Музыкалық дидактикалық ойындар**

Би үйірмесінде музыкалық дидактикалық ойындарды қолдану балалардың ритм сезімін, музыкалық есту қабілетін және қимыл үйлесімділігін дамытуға көмектеседі. Мұндай ойындар би сабақтарын қызықты әрі әсерлі етеді. Төменде бірнеше тиімді музыкалық дидактикалық ойындарды ұсынамын:

### **1.«Музыкалық мүсіндер»**

**Мақсаты:** Балалардың ритімді сезінуін және жылдам реакциясын дамыту.

**Ойын барысы:** Балалар би әуеніне сай қозғалады. Музыка тоқтаған кезде, олар белгілі бір пішінде «қатып» қалуы керек. Кім соңғы болып тоқтаса, ойыннан шығады.

### **2.«Қимылды тап»**

**Мақсаты:** Музыкалық есту қабілетін және қозғалыс үйлесімділігін дамыту.

**Ойын барысы:** Жетекші әртүрлі әуендер қояды (баяу, жылдам, көңілді, қайғылы), ал балалар музыкаға сәйкес келетін қимылдарды ойлап табады.

### **3.«Ритмді қайтала»**

**Мақсаты:** Балалардың ритм сезімін дамыту.

**Ойын барысы:** Жетекші алақанымен белгілі бір ритмді соғады, ал балалар оны қайталауы керек. Кейін музыка қосылып, балалар сол ритмге сай қозғалыс жасайды.

### **4.«Кімнің қимылы?»**

**Мақсаты:** Би қимылдарын есте сақтау қабілеттерін жетілдіру.



**Ойын барысы:** Бір бала музыканың ырғағына сәйкес би қимылын жасайды, ал қалғандары оны қайталауы тиіс. Кейін басқа бала қимыл көрсетеді.

### **5.«Музыкалық эстафета»**

**Мақсаты:**Командалық жұмыс пен шығармашылық қабілетті дамыту.

**Ойын барысы:**Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топқа белгілі әуен беріледі, олар сол әуенге сәйкес бірлесіп қысқа би қойылымын жасау керек.

Бұл ойындар балалардың би өнеріне деген қызығушылығын арттырып, олардың музыкалық қабілеттерін жетілдіруге көмектеседі.



### Пайдаланған әдебиеттер тізімі

- 1.Абиров Д.,Исмаилов А. Казахские народные танцы.«Өнер»1984ж
- 2.Байментаева А.Ұлттық халық билерінен қосымша бағдарлама.  
1991ж
- 3.Пуртова Т.В., Беликова А.А. Кветная О.В. Учите детей танцевать.  
Москва,2004г
- 4.Жұбанов А. Өскен өнер. Алматы, 1985ж
- 5.Телеуғалиев Ю. Ырғақты гимнастика. Алматы,2006ж
- 6.Кремер Л.М. Хореографиялық ұжыммен жұмыс жасау әдістемесі.  
Алматы,2006ж

Оқу әдістемелік кешенді құрастырған: хореограф Абуталипова А.Д.

«Мектеп жасына дейінгі балаларға би үйірмесін жүргізу»

16 бет.2025 жыл













Абуталипова А.Д.

**2025 жыл**